

**Халықаралық Алматы әуежайында**  
**Уақытша сақтау қоймасының қызметін көрсету туралы**  
**№78-13- \_\_\_\_\_ Жария шарт**

Алматы қ.

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2023жыл

Бұдан әрі «Қоғам» деп аталатын «Халықаралық Алматы әуежайы» акционерлік қоғамы, Жарғы негізінде әрекет ететін Президент Эрсой Альп Эр Тунга тұлғасында бір тараптан және бұдан әрі «Клиент» деп аталатын тауарларды Алматы қаласының халықаралық әуежайының уақытша сақтау қоймасында сақтауды жүзеге асыратын тұлға екінші тараптан, бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» немесе жоғарыда көрсетілгендей, төмендегілер туралы осы Келісімді (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

**Шартта қолданылатын терминдер мен анықтамалар**

Уақытша сақтау қоймасы (бұдан әрі – Қойма) – қоғамның меншігіндегі, шаруашылық жүргізуіндегі, жедел басқаруындағы немесе Жалдауындағы, тауарларды уақытша сақтауға арналған, кеден заңнамасының талаптарына жауап беретін, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Закарпатская көшесі, 51-үй мекенжайында орналасқан үй-жайлар және (немесе) ашық алаңдар.

Осы Шарт шеңберінде тауарларды уақытша сақтау бойынша көрсетілетін қызметтер (бұдан әрі – көрсетілетін қызметтер) деп Қоғамның клиентке көрсететін: тауарларды (жүктерді) сақтау және тауарларды (жүктерді) уақытша сақтауға байланысты, оның ішінде кеден органының уәкілетті лауазымды тұлғасының талап етуі бойынша өндірілетін тиеу-түсіру операцияларын және өзге де операцияларды қамтитын қызметтері болып табылады және осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты басқа да операциялар жатады.

Шетелдік тауарлар – Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары болып табылмайтын, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің валютасы, құнды қағаздары және (немесе) валюталық құндылықтар, жол чектері, сондай - ақ жылжымайтын мүлікке тенестірілген өзге де өткізілетін заттар) тауарлары, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақ тауарларының мәртебесін жоғалтқан тауарлар, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес шетелдік тауарлар мәртебесін алған (шетелдік тауарлар деп танылған) тауарлар.

**1. Шарттың мәні**

1.1. Қоғам сыйақы үшін осы Шартта белгіленген талаптарында мәлімделген кедендік рәсімге сәйкес кеден органы оларды шығарғанға дейін не Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республиканың кеден заңнамасында (бұдан әрі-Кеден заңнамасы) көзделген өзге де іс-әрекеттер жасалғанға дейін клиенттің жүктерін, тауарларын және (немесе) шетелдік тауарларын (бұдан әрі-тауар) Қоғамның уақытша сақтау қоймасында кедендік бақылаумен сақтау жөніндегі қызметтерді көрсетеді.

## 2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

### 2.1. Қоғам міндеттенеді:

- 2.1.1. Тасымалдаушыдан тауарларды кеден заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде уақытша сақтауға қабылдау және орналастыру;
- 2.1.2. Кеден заңнамасына сәйкес тауарларды уақытша сақтауға орналастыруды қамтамасыз ету;
- 2.1.3. Уақытша сақтауға орналастырылған сәттен бастап және Клиент тауарларды алған сәтке дейін тауарларды жинақтау және сақтауды қамтамасыз ету;
- 2.1.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тауарларды алу, оларды қарау, сынамалар мен үлгілерді алу үшін клиенттің өкілін және қажет болған жағдайда жүк көлік құралын уақытша сақтау қоймасының аумағына кіргізуді қамтамасыз ету;
- 2.1.5. Тиеу-түсіру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті персоналдың, техника мен жабдықтың болуын қамтамасыз ету;
- 2.1.6. Тауарларды сақтаудың қажетті шарттарын қамтамасыз ету;
- 2.1.7. Тауарларға және уақытша сақтау қоймаларында операциялар жасауға қатысты шарттар мен талаптардың сақталуын қамтамасыз ету.
- 2.1.8. Клиентке кеден заңнамасында көзделген тәртіппен, өз есебінен тауарларға тексеру жүргізу және олардың санын, сыртқы жай-күйін айқындау, сынамалар мен үлгілерді алу мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- 2.1.9. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, клиенттің келісімінсіз тауарды үшінші тұлғаға бермеуге;
- 2.1.10. Уақытша сақтауға орналастырылған тауарларға ілеспе құжаттарды беруді қамтамасыз ету;
- 2.1.11. Сақталатын тауарлардың есебін жүргізу және кеден органдарына олар туралы, оның ішінде кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып есеп беру;
- 2.1.12. Уақытша сақтау қоймасының қызметкерлері болып табылмайтын және Уақытша сақтау қоймасындағы тауарларға қатысты өкілеттігі жоқ бөгде адамдарды кіргізбеуге.
- 2.1.13. Клиенттің талабы бойынша Кеден ісі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қоғамды уақытша сақтау қоймалары иелерінің тізіліміне енгізу туралы бұйрығының көшірмесін ұсыну;
- 2.1.14. Клиентке Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде төлем шотын, шот-фактураны және орындалған жұмыстар актісін жазып беруге, сондай-ақ клиенттің талабы бойынша тоқсан сайын өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін ұсынуға;

### 2.2. Қоғамның құқықтары

- 2.2.1. Клиенттен тауарларды уақытша сақтау қоймасынан беру үшін кеден заңнамасында көзделген қажетті құжаттар мен мәліметтерді талап етуге және алуға;
- 2.2.2. Клиентке қоғам ұсынған қызметтер үшін ақы төлеуді және тауарларды сақтау бойынша шығындарды өтеуді, сондай-ақ қосымша операцияларды жүзеге асыруды талап етуге;
- 2.2.3. Клиенттің сақталатын тауарларын осы Шарттың 2.2.2-тармағында көзделген қызметтер үшін толық төлем жүзеге асырылғанға дейін, оның ішінде егер нақты көрсетілген қызметтердің құны клиент енгізген аванстық төлем мөлшерінен асып кетсе, ішінара төлем жасалған жағдайда ұстап қалуға;
- 2.2.4. Клиент не тасымалдаушы тауарлардың қауіпті сипатын не тауарды сақтаудың арнайы (ерекше) қасиеттерін және (немесе) талаптарын жасырған жағдайларда осы Шартты орындаудан бас тартуға;
- 2.2.5. Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына және өзге де нормативтік – құқықтық актілеріне сәйкес сақтау мерзімі өткен ұсталған және (немесе) талап етілмеген тауарларды сақтағаны үшін ақы талап етуге және алуға;

2.2.6. Егер клиенттің әрекеті (немесе әрекетсіздігі) кедендік және (немесе) өзге де заңнама талаптарын, осы Шарттың талаптарын және (немесе) талаптарын бұзуға әкеп соқтырса (немесе әкеп соғуы мүмкін болса), Шарттың талаптарын толық немесе ішінара орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға **құқығы бар**.

2.3. Клиент міндеттенеді:

2.3.1. Уақытша сақтау қоймасынан тауарларды беру үшін қажетті кеден заңнамасында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінде көзделген құжаттар мен мәліметтерді қоғамға ұсынуға;

2.3.2. Қоғам ұсынған Қызметтер үшін төлемді уақтылы жүзеге асыру және тауарларды сақтау, тиеу-түсіру жұмыстарын және қосымша операцияларды жүзеге асыру бойынша шығыстарды өтеуге.

2.3.3. Уақытша сақтау қоймасына орналастырылған тауарларды (жүктерді) декларациялау бойынша кеден заңнамасында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік – құқықтық актілерінде көзделген әрекеттерді жүзеге асыру және уақытша сақтаудың шекті мерзімі өткенге дейін тауарларды алуға.

2.3.4. Қоғамға жүк алушының байланыс деректерін (электрондық мекен-жайы/ұялы байланыс нөмірі) ұсыну және өзгерген жағдайда бұл туралы қоғамға хабарлауға.

2.4. Клиент құқылы:

2.4.1. Уақытша сақтаудағы тауарлармен олардың өзгеріссіз күйде сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті әдеттегі операцияларды жасауға, оның ішінде тауарларды қарап-тексеруге және өлшеуге.

2.4.2. Уақытша сақтауға орналастырылған тауарларға қатысты кеден заңнамасында және осы Шартта көзделген ақпарат пен құжаттарды қоғамнан сұратуға және алуға.

2.4.3. Қоғамның кінәсінен уақытша сақтауға орналастырылған тауарлар жоғалған не бүлінген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен нақты залалды өтеуді талап етуге.

### **3. Шарт жасасу шарттары**

3.1. Осы Шарттың мәтінін сайтта келесі мекенжай бойынша жариялау (орналастыру): <http://www.alaport.com/> осы Шартты жасасуға белгісіз тұлғалар тобына жолданған қоғамның жария ұсынысы (оферта) болып табылады (Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 395-бабы-397-бабы).

3.2. Осы Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 387 бабына сәйкес Жария шарт болып табылады.

### **4. Ақы төлеу тәртібі және мерзімі**

4.1. Клиент қоғамның қызметтерінің құнын қоғамның нормативтік актісінде белгіленген және Қоғамның ресми интернет-ресурсында орналастырылған тарифтерге сәйкес тауар уақытша сақтау қоймасынан берілген күннен кешіктірілмейтін мерзімде төлейді.

4.2. Қоғамның қызметтеріне ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолма-қол ақшамен және қолма-қол ақшасыз төлеммен, сондай-ақ Қоғамның есеп шотына аванстық төлем енгізу жолымен жүргізілуі мүмкін.

### **5. Тараптардың жауапкершілігі**

5.1. Қоғам мен Клиент осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап береді.

5.2. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін Төтенше жағдайлар, сондай-ақ міндеттемелердің орындалмауына әкеп соққан еңсерілмейтін күштің (дүлей

құбылыстар, апаттар, төтенше жағдай режимін енгізу және т.б.) әсерінен туындаған мән-жайлар жағдайында жауапкершіліктен босатылады.

5.3. Қоғамның тасымалдаушы алдындағы жауапкершілігінің шектері, сондай-ақ уақытша сақтауға орналастырылған тауарлардың (жүктердің) жоғалуы, бүлінуі немесе бүлінуі нәтижесінде келтірілген залал, оларды орналастырған сәттен бастап және клиентке бергенге дейін қоғамның жауапкершілігі Қазақстан Республикасы ратификациялаған төмендегі халықаралық конвенциялардың нормаларына сәйкес жүзеге асырылады:

- Халықаралық әуе тасымалдарына қатысты кейбір ережелерді біріздендіруге арналған Конвенция, Варшава қ., 1929 жылғы 12 қазан және Конвенцияға түзетулер туралы хаттама, Гаага қ., 1955 жылғы 28 қыркүйек Қазақстан Республикасы конвенцияға және 2001 жылғы 25 маусымдағы № 215-II Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Хаттамаға қосылды, 2002 жыл 28 қарашада күшіне енді;

- Халықаралық әуе тасымалының кейбір ережелерін біріздендіруге арналған Конвенция Монреаль, 28 мамыр 1999 ж. Қазақстан Республикасы Конвенцияға Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 19 наурыздағы № 297-V ЗР Заңына сәйкес қосылды).

Уақытша сақтауға орналастырылған тауарлардың (жүктердің) жоғалуы, бүлінуі немесе бүлінуі нәтижесінде келтірілген залал, жоғалтқаны, жетіспеуі және өтеуді талап еткені үшін шағым-талаптарды Клиент тек тасымалдаушыға ғана ұсынуға құқылы.

5.4. Егер тауарлардың (жүктердің) жоғалуы, жетіспеуі немесе бүлінуі клиенттің немесе тасымалдаушының іс-әрекеті немесе олқылықтары, ыдыстың немесе қаптаманың кемшіліктері, ілеспе құжаттарда оның ерекше қасиеттерін, сақтау шарттарын немесе тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу кезіндегі сақтық шараларын, сондай-ақ тауарлардың табиғи кемуін көрсетпей қоймаға тауарлардың түсуі салдарынан болса, қоғам жауапты болмайды.

5.5. Егер клиент қоймада сақталатын тауарлардың жоғалуы, жетіспеуі немесе бүлінуі туралы талапты қоймадан тауарлар алғаннан кейін және алушының тауарларды тиісті жағдайда және мөлшерде қабылдағаны туралы қолы қойылғаннан кейін мәлімделсе, қоғам жауапты болмайды.

5.6. Қоғам осы Шарттан туындайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге және тасымалдауға тыйым салынған тауарларды уақытша сақтауға орналастыру немесе көліктік және (немесе) тауарға ілеспе құжаттардағы тауардың саны, массасы және сипаты (атауы) туралы мәліметтердің дәйексіз көрсетілуі, қаптама сапасы, сондай-ақ жүктің немесе қаптаманың өзінде, ыдыстың сапасы салдарынан туындауы мүмкін жауапкершілік пен міндеттерге жауапты болмайды.

5.7. Клиент осы Шартта көзделген міндеттерді орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

5.8. Қоғам тауардың (жүктің) келгені туралы алмағаны немесе хабарламағаны үшін жауапты болмайды.

## 6. Шарттың қолданылу мерзімі

6.1. Шарт бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

6.2. Шарт белгісіз мерзімге жасалған болып есептеледі және тараптар міндеттемелерді орындаған сәтке дейін қолданылады.

4